

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 339 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 қарашада № 2869 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 16.05.2016 № 136 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабы 2 тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына, "Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 26 маусымдағы № 14/137-V "Оңтүстік Қазақстан облысын басқару схемасы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 31/247-V шешіміне, "Мемлекеттік мекемелерді қайта құру туралы" облыс әкімдігінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 316 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Тұяқбаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі
Б.Оспанов
Б.Жылқышиев
Ә.Бектаев
С.Қаныбеков
Е.Садыр
С.Тұяқбаев
А.Абдуллаев
Р.Исаева

А.Мырзахметов

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы "20" қазандағы
№ 339 қаулысына қосымша

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық және туризм қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволары бар:

1) "Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) "Шымкент" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

3) "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы" акционерлік қоғамы;

4) "Максимум" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

5) Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының "Оңтүстік" индустриялық аймағының дирекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриялды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік

құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады

5. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 160023, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Арғынбеков көшесі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 11.03.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық кірісіне жіберіледі.

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы" және "Оңтүстік Қазақстан облысының туризм басқармасы" мемлекеттік мекемелерінің барлық мүлктік құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі миссиясы болып: Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында өз құзыретінің шегінде индустриялық-инновациялық қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыруға қатысу, жеке кәсіпкерлікті, туристік қызметті қолдау және дамыту мемлекеттік саясатын іске асыру болып табылады.

15. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

- 1) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 2) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;
- 3) облыстық туристік өнімді ішкі және дүниежүзілік туристік нарыққа шығару;
- 4) туристік қызметінің үйлестіру жұмысын жүргізу;
- 5) облыстың салаларын дамыту үшін инвестициялар тартады;

6) заңнамада белгіленген тәртіпте басқарманың қызмет саласына қатысты салаларда қызмет ететін шетелдік заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

7) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 11.03.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Функциялары:

- 1) өңірлік индустрияландыру карталарын әзірлеу;
- 2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізу үшін экономиканың басым секторларын айқындау жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде ұйымдардың сатып алуында жергілікті қамту жөнінде ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асырады және оны индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;
- 4) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуы туралы ақпарат ұсыну;
- 5) өңірде шағын кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз ету;
- 6) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;
- 7) жеке кәсіпкерлікке мемлекет қолдауын жергілікті дәрежеде іске асырады;
- 8) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына өз құзырет шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 9) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 10) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуді жүргізуді заңға сәйкес іске асыру;
- 11) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;
- 12) облыста сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлеу;
- 13) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 14) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөнінде шаралар әзірлеу және іске асыру;

- 15) көрмелер мен жәрменкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- 16) сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- 17) сауда қызметкерлерін кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту және жетілдіру, кәсіби негізде еңбек нарығын қалыптастыру арқылы сауда қызметін қолдауды жүзеге асыру;
- 18) сауда қызметі субъектілерін, оның ішінде отандық өндірістің азық-түлік тауарлары саудасын жүзеге асырушыларға экономикалық ынталандыру шараларын қолдану;
- 19) электрондық сауданы дамытуға ықпал жасау;
- 20) шекара маңындағы сауданы дамытуға ықпал жасау;
- 21) отандық сауда желілерін дамытуға ықпал жасау;
- 22) облыстың аумағында туристік қызмет саласындағы үйлестіруді жүзеге асыру;
- 23) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасау және облыстағы туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс ету;
- 24) облыстың туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;
- 25) облыс аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіру;
- 26) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсету;
- 27) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;
- 28) халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;
- 29) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру;
- 30) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 11.03.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 31) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;
- 32) гидтің (гид-аудармашы) кәсіптік даярлауын ұйымдастыру;
- 33) уәкілетті органның келісімі бойынша туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;
- 34) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;
- 35) берілген құзіреттің шегінде заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу

және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыруына лицензия беру лицензиар қызметін жүзеге асырады;

36) облыстардың, қалалардың аумағында алдағы күнтізбелік жылға бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін тұтыну болжамын жасайды және жанар-жағармай бағаларына мониторинг жүргізеді;

37) әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) келіседі;

38) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына мониторинг жүргізу;

39) келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді береді;

"Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидия береді;

"Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша кепілдіктер береді;

"Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар береді";

"Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсетеді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 11.03.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асырып жатқан индустриялық-инновациялық инфрақұрылымның элементтеріне, индустриялық-инновациялық жүйенің субъектілеріне әдістемелік, консультациялық, практикалық және өзге де көмек көрсетеді;

2) негізгі қызметі инновацияларды дамытуға бағытталған заңды тұлғаларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысуға ұсыныс енгізеді;

3) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындау бойынша ұсыныс енгізеді;

4) өз құзырет шегінде лицензиялық бақылауды жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 202, 204, 464-баптарына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырады;

6) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен жарлықтарын әзірлейді;

7) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алу бойынша ұйымдастырушысы және тапсырыс берушісі бола отырып, келісім шарттарды түзеді және олардың орындалуын бақылайды;

8) өз өкілеттігі шегінде облыстық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму саласындағы келісім шарттар аясындағы барлық жұмыстар мен іс-шараларға тексеру жүргізуді жүзеге асырады;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдар мен жеке тұлғалардан өз құзыреті шегінде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды сұратады және алады;

10) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, коммуналдық мемлекеттік мекемеге қатысты мемлекеттік басқару және уәкілетті органының қызметін атқарады.

11) ведомстволық бағыныстағы акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметіне ішкі бақылауы жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 11.03.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Мемлекеттік мекеменің қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік,

индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарлары мен "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін, өкілеттіктерін белгілейді, "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің регламентін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін, сонымен қатар "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, коммуналдық мемлекеттік мекеме басшыларын және басшының орынбасарларын лауазымына тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

5) тиісті кезеңге бекітілген қаражат шегінде штаттық кестені, шығындар сметасын бекітеді;

6) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, коммуналдық мемлекеттік мекеменің жылдық қаржылық есебін бекітеді;

7) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

8) өз құзіреті шегінде "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 202, 204, 464-баптарына сәйкес әкімшілік хаттамаларға

қол қояды;

9) барлық мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарда "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді;

10) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесіне берілген мүліктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

11) заңнама белгіленген жағдайлар мен шектерде "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкіне билік етеді;

12) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан мәмілелер, шарттар, еңбек келісім шарттарын қоса алғанда, жасайды, сотта талапкер және жауапкер болады, сенімхаттар береді, қызметкерлердің іс-сапарлары, іс-тәжірбие алмасу, қазақ және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және біліктілігін арттырудың басқа түрлері бойынша "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі жұмысының тәртібі мен жоспарын бекітеді;

13) заңнамада белгіленген тәртіппен меморандумдарға қол қояды;

14) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін үйлестіреді және қадағалайды;

15) заңнамамен, осы ережемен, облыс әкімдігі мен облыс әкімі жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 11.03.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесімен бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі:

1) "Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) "Шымкент" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

3) "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы" акционерлік қоғамы;

4) "Максимум" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

5) Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының "Оңтүстік" индустриялық аймағының дирекциясы"

коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК